

Қосымша

*Жүн өндіруге және қайта өңдеуге туралы*

Қазақстанда негізінен жүнді бастапқы қайта өңдеу (жуу және топс өндіру), сондай-ақ киіз және киіз бұйымдарын өндіру жүзеге асырылады.

Жұмыс істеп тұрған 15 кәсіпорынның 4-уінің биязы жүнді қайта өңдеуге мүмкіндігі бар: «Фабрика ПОШ-Тараз» ЖШС, «Шымкент – Кашемир» ЖШС, «Қуат ЛТД» ЖШС - жүнді бастапқы өңдеу. «Caspiy Lana Atyrau» ЖШС - жүн көрпе мен плед өндірісін жүзеге асырады. Қалған кәсіпорындар - бұл кеңес заманынан сақталған, жаңғыртуды қажет ететін жабдықтары мен технологиялары бар, пима, ұлтарак, киіз сияқты негізгі өнімдері бар, етік-қақтау фабрикалары («Киіз фабрикасы» ЖШС, «Аяз» ЖШС, «Петропавл қысқы аяқ киім фабрикасы» ЖШС, «Қостанай тоқыма аяқ киім фабрикасы» ЖШС және т. б.).

Биязы жүнді қой шаруашылығын дамыту мақсатында, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидалары шеңберінде, қайта өңдеуге өткізілген биязы және жартылай биязы жүннің құнын арзандатуға субсидиялау көзделген. Мәселен, 2019 жылы 257,6 млн.теңгеге 1 718 тонна жүн субсидияланды.

Шикізат дайындау жүйесін ұйымдастыру мақсатында 2016 жылдан бастап дайындау ұйымдарына қосылған құн салығы сомасын субсидиялау бюджеттік бағдарламасы іске асырылуда. Аталған бағдарлама былғары шикізаты және жүн дайындаушылардың қызметін заңдастыруға және ретке келтіруге, «бірінші ҚҚС» проблемасын шешуге және дайындаушы ұйымдар қызметінің ашықтығы мен айқындылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидалары шеңберінде жүн дайындау пункттерін, жылжымалы қырқу пункттерін, қойларды электромеханикалық қырқуға арналған құралдарды сатып алуға субсидиялау көзделген.

«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ («ҚазАгро» ҰБХ» АҚ еншілес компаниясы) зәкірлік кооперацияны ескере отырып, сүт, тері, жүн қабылдау пункттерін құруға және дамытуға қаржыландыру мүмкіндігін көздейтін «Бірлік» кредит беру бағдарламасына өзгерістер енгізді.

*«Caspiy Lana Atyrau» ЖШС тоқыма кәсіпорнына қатысты*

«Caspiy Lana Atyrau» ЖШС мемлекеттік қолдау шеңберінде «Бизнестің жол картасы 2020» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде бөлінген қаражат есебінен 43 млн.теңгеге газбен жабдықтау, электрмен жабдықтау және сумен жабдықтау желілеріне қосу жүргізілді.

«Caspiy Lana Atyrau» ЖШС-да «Атырау» ӘКК алдында қарыздары бар, оның жалпы сомасы – 1 576,1 млн. теңге, оның ішінде 136,3 млн. теңге немесе негізгі борыштың 8,6% қайтарылды. 2

Көптеген жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары сияқты «Caspiy Lana Atyrau» ЖШС үшін де әлсіз менеджмент пен маркетингтің төмен деңгейі тән екенін атап өту керек.

Бүгінгі күні кәсіпорын жұмыс істемейді. Дайын өнімді өткізуге қатысты проблемалар да бар.

Кәсіпорында қалыптасқан жағдайды ескере отырып, шикізатпен, кадрлармен, өнімді өткізумен қамтамасыз ету бойынша, сондай-ақ жобаны қаржыландыру және инвестицияларды тарту бойынша кешенді тәсіл және шешімдер әзірлеу қажет.

Кәсіпорынның жүктемесін ұлғайтуды қамтамасыз ету мақсатында жергілікті атқарушы орган шикізатты (жүн) жеткізу туралы меморандумдар жасасу, өткізу нарығын кеңейту және Қазақстан аумағында және шетелде кәсіпорынның танылуын қамтамасыз ету үшін көрмелер мен форумдарға қатысуды ұйымдастыру бойынша іс-шаралар жүргізуде.

2019 жылы «Caspiy Lana Atyrau» ЖШС «Бонатти» компаниясының көрпе мен жастықтарды өндіру және жеткізу бойынша 23 млн.теңгеге тапсырысын орындады.

Бұдан басқа, кәсіпорынды жүктеу және тапсырыстармен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі мемлекеттік органдармен және «Атамекен» ҰКП бірлесіп, жұмсақ мүкәммалды (жастықтар, матрацтар, төсек-орын жабдықтары, көрпелер, жамылғылар) мемлекеттік қорғаныс тапсырысына енгізу мәселелерін пысықтауда.

*Мемлекеттік органдардың, мемлекеттік мекемелердің және квазимемлекеттік сектордың сатып алуларындағы жергілікті қамту үлесін жыл сайын ұлғайтуға қатысты*

Жергілікті атқарушы органдар апта сайын ҚР Үкіметі жанындағы Жобалау кеңсесіне нақты сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат береді.

Әрбір өңірде жергілікті қамту бойынша нысаналы индикаторлар (KPI) белгіленген. Мәселен, барлық өңірлерде KPI 22%-дан 28%-ға дейінгі мөлшерде орнатылды. 2019 жылдың қорытындысы бойынша жеңіл өнеркәсіп саласында KPI жетістіктері байқалады. 2020 жылы KPI 20 пайыздық тармаққа ұлғайту көзделген.

Бұдан басқа, мемлекеттік сатып алудағы отандық өндірістің үлесін ұлғайту мақсатында 2019 жылдың 1 шілдесінен бастап жеңіл және жиһаз өнеркәсібі тауарларын мемлекеттік сатып алу алдын ала біліктілік іріктей отырып, конкурс тәсілімен отандық өндірушілер арасында жүзеге асырылады. Бұл ретте отандық өндірісті ынталандыру мақсатында енгізілген Индустриялық сертификат беру міндетті талап болып табылады және ол нақты өндіріс анықталғаннан кейін беріледі, сондай-ақ жалған өндірушілер үшін кедергі болып табылады. 3

### *Шартты шығарылған тауарларды реттеуге қатысты*

«Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» 2017 жылғы 26 желтоқсандағы ҚР Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 202-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес ішкі тұтыну үшін шығару рәсімімен орналастырылған тауарлар, оларға қатысты тыйым салулар мен шектеулерді сақтау Одақ туралы шартқа және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тауарды шығарғаннан кейін расталуы мүмкін болса, шартты түрде шығарылған деп саналады.

Кодекстің 202-бабының 10-тармағына сәйкес Техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігін растау, техникалық реттеу бөлігінде шартты түрде шығарылған тауарларға қатысты тыйым салулар мен шектеулерді сақтау қағидалары ҚР Қаржымині, ҚР ДСМ және ҚР ИДМ бірлескен бұйрығымен (ҚР ДСМ 2018 жылғы 16 мамырдағы №266 бұйрығы, ҚР ҚМ 2018 жылғы 2 мамырдағы № 500 бұйрығы, ҚР ИДМ 2018 жылғы 28 сәуірдегі №287 бұйрығы) бекітілді, ол 2018 жылдың маусым айында күшіне енді. Осы қағидаларға сәйкес импорттаушы кеден органына шартты шығарылған тауарға 60 күн ішінде сертификат ұсынуға міндетті.

Алайда жосықсыз импорттаушылар шартты түрде шығарылған тауарларды оларға сәйкестік сертификаттарын алмастан шеттетуді жалғастырды. Бұл ретте кеден органдарына сертификаттарды ұсынбағаны үшін айыппұл тек 20 АЕК-ті (53 020 теңге) құрайды.

Аталған жағдай импорттаушыларды заңнама талаптарын сақтауға ынталандырған жоқ және адал бәсекелестікке жағымсыз әсер етті.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 1 қарашадағы № 827 қаулысымен жеңіл өнеркәсіп тауарларының жекелеген түрлері (37 тауар позициясы) оларға қатысты шартты шығаруға жол берілмейтін тауарлар тізбесіне енгізілген.

Жалпы, мемлекет жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарына үнемі қолдау көрсетуде. «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы шеңберінде 2015-2018 жылдары кредит бойынша кепілдік беру құралы бойынша жеңіл өнеркәсіптің 73 кәсіпорнына қолдау көрсетілді, кепілдік сомасы шамамен 700 млн. теңгені құрады. 2015-2018 жылдар аралығында сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау құралы бойынша 2 млрд. теңгеден астам сомаға 229 жеңіл өнеркәсіп компаниясына қолдау көрсетілді.

2017-2018 жылдары өңдеуші өнеркәсіп саласындағы шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау бағдарламасы шеңберінде 28 жеңіл өнеркәсіп өндіруші жалпы сомасы 1 896,4 млн. теңгеге кредит алды.

Өңірлерді қолдау картасы шеңберінде 2015 жылдан бастап 2019 жылға дейін 22 жоба іске асырылды, инвестициялардың жалпы сомасы 17,3 млрд. теңгені құрады, 1567 жұмыс орны құрылды.

Сонымен қатар, 2019 жылы Үкімет Жеңіл өнеркәсіпті дамыту жөніндегі 2019 – 2021 жылдарға арналған жол картасын қабылдағанын, онда 52 іс-шара, 4

оның ішінде кәсіпорындарды шикізатпен қамтамасыз ету, жүнді терең өңдеуді ұйымдастыру, жүннен жасалған бұйымдар өндіру жөніндегі жобаларға инвестиция тарту, сондай-ақ тауарлардың заңсыз айналымына қарсы күрес, қазақстандық қамту үлесін арттыру, экономикалық ынталандыру шаралары және жүйелі қолдау шаралары бойынша іс-шаралар көзделген.

Орта мерзімді кезеңде жол картасының іс-шараларын іске асыру өндірілетін тауарлар бойынша реттелетін сатып алудағы жергілікті қамту үлесін 50%-дан астам ұлғайтуға, шығарылатын өнімнің сапасын арттыруға, сондай-ақ контрафактілік өнім көлемін азайтуға мүмкіндік береді.